# ҚАУІП ЖОҚ ДЕМЕ...



Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№9 (1550)
25 ақпан 2021 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz

Жыл сайын қыс-көктем мезгілінде Сырдария өзенінде мұз қату және сең жүру кезеңдерінде елді мекендер, ауылшаруашылық жерлері мен шаруашылық нысандарына су басу қатері төнеді.

Аймақта «2020-2021 жылдардағы қысқы-көктемгі кезеңде Сырдария өзеніндегі мол суды қауіпсіз өткізу бойынша дайындық жұмыстарын жүзеге асыру» іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілді.

Іс-шара жоспарына сәйкес, су тасқынына қарсы іс-шараларды жүргізуге облыс бюджетінен 266,3 млн. теңге бөлінген. (Оның ішінде, 138,2 млн. теңге қорғаныс бөгеттерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына, 10,0 млн. теңге – мұз жару жұмыстарына, 4,8 млн. теңге қаптар сатып алуға және 113,3 млн. теңге - "Қазавиақұтқару"АҚ қызметтеріне).

**Жақсылық Ақзира:**

– Саламатсыз ба, Гүлшара Наушақызы. Жаз бойы дарияда су болған жоқ. Қыс ерте түсіп, күннің күрт суытуымен дария арнасы сол аз мөлшердегі су деңгейімен қатып қалды. Қазіргі кезеңде білуімізше, жоғары жақтан мол су келе бастады. Бұл жағдай өзен бойы орналасқан елді мекендерге су басу қаупін туғызуы мүмкін. Осы бағытта қандай шаралар атқарылуда?

**Облыс әкімі Әбдікалықова Гүлшара Наушақызы:**

– Сырдария өзені жағдайы біз үшін өте өзекті. Өйткені, өткен жылғы желтоқсан айынан бастап облысымызға 500 текше метр су келе бастады. Қазір жақсы өтіп жатыр. Соңғы бір-екі күнде ақпаратты күнделікті алып отырмыз. 400 текше метр су келіп жатыр. Аса қауіп жоқ. Бірақ соңғы жылдармен салыстырғанда биыл мұз қалың. Түркістанның шекарасынан бастап Аралға дейін мұз әлі сіресіп тұр деп айтуға болады. Кейбір жерлерде биыл қыста 70-80 см-ге дейін мұздың қалыңдығы болды. Қауіп бар. Бұл жөнінде жиналыс өткізіліп, құзырлы органдарға тапсырылды. Қай жерлерде кедергі бар, болып қалады-ау деген жерлерге кезекшілік қойып жатырмыз. Барлық материалдық қор жасақталып, қызметкерлер де осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Күнделікті бақылауда.

*(Облыс әкімінің есебінен. 2021 ж. 17 ақпан)*

## ҚОЖАНИЯЗОВ "СУҒА" ҚАУҚАРЛЫ МА?



Қызылорда облысында су мәселесіне қатысты жиын болды. Оған ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов, ҚР ЭГТРМ Су ресурстары комитетінің төрағасы Нұрлан Алдамжаров және жергілікті шаруа қожалық өкілдері қатысты.

Биыл өңірде 188,2 мың гектарға егін егу межеленуде. Соның 84,4 мың гектарына күріш орналастырылады. Қалғанына дәнді, майлы, мал азықтық, картоп, көкөніс, бақша дақылдары егіледі. Қазір қажетті тұқым толығымен дайын. Тыңайтқыштан да мәселе болмайды. Ауыл шаруашылық техниканың 83 пайызы жөндеуден өткізілді. Егілетін егістікті тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет. Кездесуде шаруашылықтар суға қатысты сауалдарын қойды, ұсыныстарын айтты, шешу жолдарын сұрады.

- Су азаймаса, көбейіп жатқан жоқ. Бастысы, үнемді пайдалануымыз қажет. Әрине, Сырдарияның су жағдайы жоғарыдағы су қоймаларына тікелей байланысты. Өңірдегі су тораптары, егіс алқаптарына қатысты мәселелерді жақсы білемін. Барлығын зерттеп жатырмыз. Оңтайлы шешім табуына жұмыс жасаймыз, - деді Серік Қожаниязов.

Бүгінде «Тоқтағұл» су қоймасындағы жиналған судың көлемі 10,0 млрд. текше метрді құрайды. Ал Шардара су қоймасына жоғарыдан секундына 397 текше метр су түсуде. Жалпы қазір «Шардара» мен «Көксарайда» 5,2 млрд. текше метр су жиналған.

Білім саласы да атап өтілді. Қала бойынша үш ауысымды 7 мектеп жоспарланса, көрсеткіш те осылай. Қуантарлық көрсеткіш мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту бойынша атқарылған жұмыстарға да тиесілі. Қалалық білім беру бөліміне қарасты 235 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 18613 бала болса, 3-6 жас аралығындағы баланың қамтылуы 100 пайызды құраған.

Сонымен қатар, одан өзге де түрлі салаға қатысты және халықтың сапалы өмір сүрулеріне бағытталған тақырыптар да жиында сөз болды. Енді басқосу барысында қозғалған тақырыптар тұрақты комиссияның қаулысымен құзырлы органдарға жолданбақ.

**Р.ТӨЛЕП**

# АРМАНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қазақстандықтардың алдына әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде ортақ мақсат қойды. Бұл мақсат "Қазақстан-2050" стратегиясында жоспарланып бекітілген. Қойылған арманға қол жеткізудің маңызды факторы адам капиталының деңгейін арттыру, оның ішінде білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту болып табылады. Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарапынан осы стратегияны жүзеге асыру үшін барынша үлес қосылуда.

ҚазҰУ төрт маңызды миссияны біріктірген университеттің жаңа үлгісі. Яғни, зерттеу, білім беру, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік секілді төрт миссия бір университеттің стратегиялық мақсатына енгізілген.

ҚазҰУ-дың дұрыс бағытта келе жатқанына бірден бір айқын дәлел -алдыңғы жылы әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енуі болып табылады. QS аналитикалық есебінде жарияланғандай, Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ 42-і орынға көтеріліп, 165-і орынды иеленген.

Әлем тарихында бұрын болып көрмеген қарқынды дамуды көрсетті. 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орын алдыға жылжыды. Бұл тарихта «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып, көптеген шетел сарапшыларының назарына ілікті. Тек ғылыми жетістіктерде ғана емес, сонымен қатар университет Ғаламдық «UI Green Metric Ranking of World Universities» рейтингінің зерттеу мәліметі бойынша әлемнің үздік 200 экологиялық университеттері қатарына кірді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосатын ертеңгі ел азаматын дайындайтын сенімді білім ордасы. Қазіргі таңда осындай білім ұясында оқу - әрбір түлектің арманы десем артық болмас.

**Кенбай Ислам Бауыржанұлы**
**Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің логистика мамандығының 4 курс студенті**

**Жетекшісі: Шарапиева Мадина Дузбайқызы**
**Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің Бизнес технологиялар кафедрасының аға оқытушысы**

# МЕРКІ ТЫНЫСЫ

## МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

№17 /10954/ жұма 26 ақпан, 2021 жыл

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады


Қайырымдылық акциясы

ӨЗГЕГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ –

1 марта – День благодарности

Совсем скоро на нашу землю

қызметті беруші арқылы (АХАТ

Егер сіз egov.kz порталы арқылы

# УНИВЕРСИТЕТ ТАҢДАУ МАҢЫЗЫ

**Еліміздің болашағы – жастар. Тәуелсіз Қазақстанда жастардың білім алуы өте маңызды және өзекті болып табылады. Қазіргі уақытта талапкерлер мамандықты және оқу орнын таңдауда өте талғампаз келеді және ұзақ ойланады. Сондықтан, болашақ студенттер қасиетті білімнің қара шаңырағына айналған үздік жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті екенін жақсы білуі тиіс.**

Университет өз еліміздің ұлттық рейтингтерімен қатар, халықаралық рейтингтердің де алдыңғы қатарларында. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Сонымен қатар, ҚазҰУ – әлемдегі ең озық технологиялық университеттердің бірі. Белгілі «GreatValueColleges» халықаралық ұйымының рейтингінде қазақстандық университет тек ТМД елдерінің ғана емес, сонымен қатар, Шығыс және Орталық Еуропаның жалғыз өкілі болып табылады. Сондай-ақ, ол бүкіл Азия континентін ұсынады.

Біздің университетте парасатты әрі талантты студенттеріміз шалқыған шығармашылық қуат пен жастық жалынды, балғын талантты шыңдайтын театр студиялары мен поэтикалық клубтарға, көңілділер мен тапқырлар сайысына белсене қатысады. Студенттің өзін-өзі басқаруына көшбасшылық қасиеттерін дамытуына көптеген мүмкіншіліктер бар.

Университетте «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. Бұл білім беру, медициналық, заңгерлік, қаржылық және мәдени қызметтер көрсететін студенттерге арналған жастар ресурстық орталығы.

Университетті бітіргеннен кейін студенттер жұмысқа орналасуға өтініш бере алады, сонымен қатар, әкімшілік, әлеуметтік және тұрмыстық сектор, банктер, нотариус, адвокат, туристік компаниялар, әуе және теміржол кассалары өз қызметтерін ұсынады.

Орталық студенттер секторындағы студенттердің қоғамдық ұйымдарын біріктіре отырып, жастар саясатына ерекше назар аударылады. Студенттер бос уақытында сауда және ойын-сауық секторының қызметтерін ала алады: кинотеатрға, кафеге, кітап дүкеніне, супермаркетке, фотостудияға, фаст-фудқа, сұлулық салонына, кір жуу орындарына барады.

Сондай-ақ, ҚазҰУ-да студенттер мен университет қызметкерлерін жетілдірумен айналысатын, дене тәрбиесі кафедрасында оқу процесін қамтамасыз ететін, спорттың 22 түрінен кез келген деңгейдегі және дәрежедегі жарыстарды қабылдап, қамтамасыз ететін «Спорттық-сауықтыру кешені» жұмыс істейді.

Болашақ талапкерлерге өзінің жарқын болашағы үшін еліміздің бетке ұстар білім ордасын таңдаса, еш қателеспейтінін айтқым келеді.

**Наурыз КӨКТАЛОВ,**
**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Бизнес технологиялар кафедрасының 4-курс білімгері.**

**Ғылыми жетекшісі:**
**Мадина ШАРАПИЕВА,**
**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Бизнес технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЖЖС-2030» ЖШС-ның Меркі АӨБ әкімшілігі аудан электр

**Открылось наследство после смерти Базаровой Марии Павловны,** умершей 5 октября 2020 года. Наследников прошу